

1. Алексеев С.С. Право: азбука - теория - философия: Опыт комплексного исследования. - М.: Статут, 1999. - С. 271.
2. Венгеров А.Б. Теория государства и права. - М., 2000. - С. 492.
3. Ибраева А.С. Теория государства и права: Учеб.пособие. - Алматы, 2006. - С. 119.
4. Каминская В.И., Ратинов А.Р. Правосознание как элемент правовой культуры // Правовая культура и вопросы правового воспитания. - М., 1974. - С. 57.
5. Карбонье Ж. Юридическая социология.- М.: Прогресс, 1986.-С.113-114.
6. Комаров С.А., Малько А.В. Теория государства и права. -М., 2000. -С.296-297.
7. Материалы Республиканской научно-практической конференции "Формирование правовой культуры в Казахстане в рамках Концепции правовой политики: проблемы и перспективы". - Астана, 13 декабря 2010 г.
8. Семитко А.П. Правовая культура социалистического общества: сущность, противоречия, прогресс. - Свердловск, 1999. - С. 34.

In this article, the author concludes that the level of legal culture is determined by the level of legal awareness, the degree of its progressiveness, the scope and depth of legal education in the community, training of lawyers, the degree of development of legal science, legal thinking.

В данной статье автор делает вывод, что уровень правовой культуры определяется уровнем правосознания, степенью его прогрессивности, масштабом и глубиной юридического образования в обществе, профессиональной подготовкой юристов, степенью развития юридической науки, правового мышления.

А.Б. Кемельбаева

ҚАЗІРГІ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ «ТӘУЕКЕЛ» САНАТЫ

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде «тәуекел» терминінің қолданылатын барлық жағдайларын салыстыра келе, «тәуекелдің» бір-бірінен ажыратылатын төрт топтамасын көрсетуге болады:

- кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен тығыз байланысты, кәсіпкерлік тәуекел (ҚР АҚ 10-бап);
- «ойын тәуекелі» (ҚР АҚ 913-914-баптар);
- міндеттемелі тәуекел (ҚР АҚ 17 тарау, 360-бап және т.б.);
- сақтандыру тәуекелі (ҚР АҚ 40 тарау)[1].

Яғни, бұл ретте, мүлдем бөлек құқықтық конструкция жайлы айтылған, оларды тек бір ғана бірдей санат біріктіреді – «тәуекел» санаты.

Біршама уақытқа дейін азаматтық құқықта «тәуекел» санаты зерттелмеген. «Тәуекелді» алғаш ұлылардың бірі болып В.А. Ойгензихт зерттеп, монографиялық шығармашылығы жарық көрді.

В.А. Ойгензихт бойынша, тәуекел – деп, теріс мүліктік оқиғаларға байланысты субъектілердің саналы кездейсоқ оқиғалардың қорытындысына психикалық қатынасын білдіреді [2].

С.И. Ожеговтың түсінірме сөздігінде, тәуекел – сәтсіздік немесе қауіп-қатерді, немесе өзінің іс-әрекеттерімен оқиғаның сәтті аяқталуына үміт [3]. Айтылған анықтамада басты екі белгіні көрсеткен жөн: қауіп-қатер және қауіп-қатердің болу мүмкіндігі. Тәуекел үшін осы белгілердің болуы міндетті әрі олар қатар жүруі тиіс. Егер аталған белгілердің біреуі жоқ болса, онда іс-әрекетте, оқиғада және т.б. тәуекелдің жоқ екендігін білдіреді.

Тәуекел – азаматтық құқықтың негізі категориясы, қазіргі қоғамның экономикалық категориясының өзегі ретінде сараласақ қателеспейміз.

Тәуекел кез келген қызметтің түрінде пайда болады, айта келсек, тауар өндіру қызметінде, жұмыс орындау, қызмет көрсету саласында, тауар-ақша және қаржылық операциялар кезінде, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-қаржылық жобаларды орындау кезінде және т.б. жағдайларда пайда болуы мүмкін. Бұл қызметтер материалдық, еңбек, қаржылық, ақпараттық (интеллектуалдық) ресурстарды пайдалану арқылы орындалатындықтан, бұл ресурстарды жартылай немесе толығымен жоғалтып алу қаупі тәуекелі болады. Мысалы, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты болатын тәуекел, ресурстарды жоғалтып алу қаупімен немесе пайда ала алмай қалу тәуекелімен сипатталады. Басқаша айтқанда, тәуекел – ол кәсіпкердің қосымша шығын шығаруымен, немесе үміт артып отырған бағадан төмен баға алып қалуы.

«Тәуекел» термині өзінің табиғаты бойынша әр түрлі құбылыстарға қолданылады. Тәуекелдің ерекшеліктері кәсіпкерлік істе белгісіздік, күтпегендік, сенбеушілік болжамдылық жетістікке жетуге кедергі болуы мүмкін. «Кәсіпкерлік іс туралы» заңда жазылғандай кәсіпкерлік іс өз

тәуекелділігіне, кәсіпорынның ұйымдастыру құқықтық формасы шегіндегі мүліктік жауапкершілігіне негізделген.

Нарық жағдайында тәуекелділікті бәсеңдету үшін бірнеше әдістер бар: кәсіпкерлік жоба жасауға істі жетік білетін кеңесшілерді, мамандарды тарту; жобалау алдындағы мүмкін болатын қиындықтарды жете білу; өндірілетін өнімге сұранысты болжау; тәуекелділікті жобаға қатынасушылардың өзара бөлісуі; сақтандыру; болжамсыз шығындарды жабуға керекті қаражатты кезекке ұстау [4].

Тәуекелділіктің бірнеше түрі бар: өндірістік, коммерциялық, қаржылық, инвестициялық, нарықтық.

Өндірістік тәуекел. Бұл өнімді өндірумен және оны өткізумен байланысты. Бұл тәуекелге өнімнің белгіленген көлемінің өзгеруі және өткізу қарқыны, материалдық және еңбек шығындарының артық жұмсалуды. Нарықтағы баға деңгейінің кемуі, бірақ, рекламация т.б. себептер тікелей ықпал жасайды.

Коммерциялық тәуекел – бұл кәсіпкердің сатып алған өнімді нарықта өткізуінде пайда болады. Коммерциялық келісім жағдайында бағаның төмендеуін, тауар өткізуде кездесетін қосымша шығындарды ескеру керек.

Қаржылық тәуекел – қаржылық кәсіпкерлік ісінде кездеседі. Мысалы, қаржылық келісім тәуекелділік шарттасушылардың бір жағының төлем қабілеттілігінің кемдігінен пайда болуы, т.б.

Инвестициялық тәуекел – бұл кәсіпорынның өзінің және сатып алған құнды қағаздарының құнсыздануы арқылы болуы мүмкін.

Нарықтық тәуекел – бұл ұлттық ақша бірлігінің нарықтағы пайыздық мөлшерлемесінің немесе шет ел келісім серіктестіктерінің валюта курсының өзгеруімен байланысты [5].

Ойлаған жобаны іске асыру мақсатында потенциалды серіктестіктерді неғұрлым көп тарту үшін тәуекел талдау жасайды.

Тәуекелді талдаудың схемасы:

1. Нақты тәуекел түрлерінің ішкі және сыртқы факторларының ықпалдарын айқындау.
2. Айқындалған факторларды талдау.
3. Нақты тәуекел түрін қаржы жағынан екі тәсілмен бағалау:
 - а) қаржылық тұрақтылығын, дәулетін анықтау;
 - б) жұмсалатын қаражаттың экономикалық тиімділігін анықтау.
4. Тәуекелдің жорамал деңгейін анықтау.
5. Бөлек операцияларының тәуекелдерінің жорамал деңгейін талдау.
6. Тәуекелді бәсеңдету үшін шаралар жасақтау.

Екінші басты мәселе тәуекелден келетін зияндар түрлерін анықтау.

1. Материалдық зиян – бұл жобада қаралмаған өндірістік шығындар, немесе тікелей материалдық объектілерді, өнімдерді, материалдарды, шикізаттарды жоғалту.

2. Еңбек зияны – жұмыс уақытын жою, кездейсоқ немесе болжамсыз себептермен болған жағдайда.

3. Қаржылық зиян – бұл тікелей ақшалай зиянмен байланысты: төлемдер, айыптар, уақыты озған несиелерді төлеу, қосымша салықтар т.б.

4. Уақытты жою – бұл егер кәсіпкерлік іс жобалы уақыттан кейін қалатын болса пайда болады.

5. Арнайы зиян түрлері – бұл зияндар адам денсаулығына және адам өміріне, қоршаған ортаға, кәсіпкердің беделіне кесел келтіретін жағдайлар.

6. Саяси факторларға байланысты: іскерлік белсенділіктің бәсеңдеуі, еңбек және орындау тәртібінің деңгейінің бәсеңдеуі, төлем мен өзара есептесудің бұзылуы, салық мөлшерлемесінің тұрақсыздығы т.б. [6].

Осыдан келіп, азаматтық құқықта тәуекелдің жалпы түсініктемесін анықтай аламыз. Зерттеулерім бойынша, тәуекел – бұл, қауіп-қатер, яғни объективті жағдайда пайда болуы мүмкін зарарлы әрекеттер, және де, саналы түрде жасалған іс-әрекеттер нәтижесіндегі келтірілген үлкен, орны толмас зардаптар. Қоғамда бекерден-бекер айтылмаған, «тәуекелге бел будым» деп.

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (1994 ж. 27 желтоқсан)
2. Ойгензихт В.А. Проблема риска в гражданском праве. Часть общая. Душанбе: Ирфон.
3. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. -М.: ИТИ Технологии, 2003.
4. Аяпова Ж.М., Арынов Е.М. «Іскер адамның орысша қазақша экономикалық түсіндірме сөздігі», -Алматы «Инкар», «Тұлға», 1993ж.
5. О. Ихданов, Ә.О. Орманбеков, «Экономиканы мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері» Алматы, Экономика, 2002ж.
6. Мейірбеков, Қ.Ә. Әлімбетов «Кәсіпорынның экономикасы». -Алматы, 2003ж.

In this article the author considers the validity of attributing the notion of risk to civil law and provides a number of assumptions, the rule of law classifying the category of civil law.

В данной статье автор рассматривает правомерность отнесения понятия риска к гражданскому праву и предоставляет ряд предположений законности отнесения данной категории к гражданскому праву.

Г. Байсарина

ЗАҢДЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК ИНСТИТУТТЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Заң ғылымында заңды жауапкершілік институты ерекше орын алады. Жауапкершілік деген түсінік көп мағыналы. Ол саяси, моральдік және заңды жауапкершілік болуы мүмкін. ҚР Конституциясының 34 бабында “әркім ҚР Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын; абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті” делінген. Бұл аспектіде жауапкершілік адамдарда өз міндетіне деген дұрыс көзқарасты тәрбиелейтін фактор, құқыққа сай жүріс-тұрысты насихаттайды деуге болады.

Заңды жауапкершілікке әркім өзіндік түсінік береді. О.Ф. Иваненконың айтуынша “заңды жауапкершілік – құқық бұзушының жағымсыз салдарға төзуі, белгілі бір мемлекеттік мәжбүрлеу нысанын өз басынан өткізуі” [1, 4 б.].

Ал Б.Т. Базылев “заңды жауапкершілік өз табиғаты бойынша қорғаушы құқықтық қатынас, ал сыртқы пішіні – жазалаушы құқықтық байланыс” дейді [2, 122 б.]. Заңды жауапкершілік – бұл да міндет, бірақ мәжбүрлеп орындалады, егер бұл міндет жүктелегн тұлға ерікті түрде орындалмаса [3, 4 б.].

Заңды жауапкершілік дегеніміз – арнаулы органдар немесе лауазымды тұлға түріндегі мемлекет пен құқық бұзушының арасындағы тиісінше айырулар мен қарсы әрекеті үшін жағымсыз салдарға төзу міндеті жүктелетін құқық нормасын бұзудан туындайтын құқықтық қатынас. Жеке сипаттағы (мысалы, бас бостандығынан айыру), мүліктік (мысалы, айыппұл) немесе ұйымдық сипаттағы (мысалы, жұмыстан шығару) шектеулер осындай зардаптар болуы мүмкін [4].

Әлеуметтік жауапкершіліктің ерекше бір түрі ретіндегі заңды жауапкершіліктің белгілері мыналар: а) мемлекет құқық нормаларында белгілеген; ә) мемлекеттік мәжбүрлеуге сүйенеді; б) арнаулы уәкілетті мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар іс жүргізу тәртібімен қолданады; в) құқық бұзушы үшін нақты теріс зардаптардан көрінеді және қосымша міндеттер жүктеумен байланысты; г) тек қана жасалған құқық бұзушылық үшін туады және қоғамның бетіне басумен байланысты.

Заңды жауапкершіліктің мағынасы мен мақсаты субъектілердің құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау мен қорғау болып табылады. Заңдық жауапкершіліктің міндеттері осыдан туындайды. Біріншіден, құқық бұзушылыққа кінәліні жазалау (жазалау міндеті). Екіншіден, құқықты қалпына келтіру және келтірген зиянды өндіріп алу, ысырапты өтеу (қалпына келтіру міндеті). Үшіншіден, құқықтық санада заңды мінез-құлық мотивтерін қалыптастыру және заңдық жауапқа тартылушы субъектінің де (жеке ескерту), құқық қатынастарының басқа субъектілерінің де (жалпы ескерту) жаңадан құқық бұзушылық жасауының алдын алу. Құқық бұзушылықтардың түрлеріне қарай заңдық жауапкершілік былайша жіктеледі:

қылмыстық, тек қана қылмыс үшін және қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және қылмыстық атқару заңдарына сәйкес соттың үкімі бойынша ғана қолданылатын ең қатаң түрі;

әкімшілік, яғни әкімшілік теріс қылық жасағаны үшін, қызмет міндеттерін орындаумен байланысы жоқ түрі;

азаматтық, шарттық міндеттемелерді бұзудан туындайтын түрі;

тәртіптік, тәртіптік билігі бар лауазымды адамдардың тәртіптік теріс қылық үшін қолданылатын түрі.

Тәртіптік жауапкершілік ішкі еңбек тәртібінің ережелеріне сәйкес, бағыныштылық тәртібімен, кейбір салаларда қолданылатын тәртіптік жарғылар мен ережелерге сәйкес пайда болуы мүмкін;

материалдық, еңбек міндеттерін орындау кезінде ұйымға келтірген залал үшін болатын түрі.

Заңды жауапкершіліктің әр түрінің өзіне тән мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары бар. Оларды мемлекеттік мәжбүрлеудің басқа шараларымен шатастырмаған жөн, ал оларға: құқық бұзушыны жауапқа тартпай-ақ, бұзылған құқықты қалпына келтіру үшін қолданылатын қорғау шаралары (алименттерді мәжбүрлеп өндіріп алу және т.б.); құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында,